



Егемен Қазақстан

Егемен.kz

Жеті метрлік ескерткіш орнатты

«Жармада қасиетті қара домбыраға енселі ескерткіш қойылады» дегенді естігенде елең еттік. Елең еттік те, нөсерлете жауған жаңбырға қарамастан Қалбатауды бетке алдық.

V ғасырда Алтайда жасалған домбыра

Сөйтіп жүрт тағатсыздана күткен іс-ша өра басталып та кетті. Жарма ауданының тумалары, құрметті қонақтар Семей қалалық ақындар орталығының жетек өшісі Дәмеш Омарбаева мен Алматыдағы М.Әуезов атын өдағы әдебиет және өнер инс өтитутының абайтану және әде өбиет тарихы бөлімінің менге өрушісі Серікқазы Қорабай ескерткіштің лентасын қылған, ақперде ысырылғанда алып еменді қақ жарып шығып, көкке мойын созған жеті метрлік алып домбыра жарқ еткен.

«Бабамыздың мұңысың сен, домбыра,
Анамыздың сырсысың сен, домбыра.
Қазағымның жүргегінен жаралған,
Даламыздың үнісің сен, домбыра».

Тамаша туындының тұғырындағы қазақтың көрнекті ақыны Шемішбай Сариев ағамыздың сөзі де көзімізге оттай басылған.

Биіктігі – 7, ені 2 метрлік енселі ескерт кішті семейлік жас мұсінші Нұрбол Қалиев жасап шығыпты. «Ескерткішке тапсырыс аяқ астынан түсті. Қысқа мерзімнің үшінде 3 нұсқасын дайындағы. Соның ішінде киелі емен ағашын жарып шыққан мұсінге таңдау түсті. Қазақ шежіресін де ағаштың тамырындай етіп таратады. Еменді сондықтан таңдадық», дейді ескерткіш авторы.

Мемлекет басшысының Жарлығымен қабылданған «Үлттық домбыра күніне» еліміз де, облыста ең алғашқылардың бірі болып үн қосқан Жарма ауданының әкімі Н.Сыдықов салтанатты шарада домбыра жайында тереңнен толғап, тебірене сөйледі. «Біздің зама нымыздың V ғасырында жасалған құдіретті қарадом быраның Алтай тауынан

табылуы әлемдегі шертпе аспаптардың атасы қос ішекті домбыра екенін көрсетеді. Ақтамберді сынды әйгілі жыраулардың «Жалаулы найза қолға алып, Жау қашырап ма екенбіз?» деп домбырага қосыла айтқан дауылды жырлары аласапыран шакта серіктеріне дем берді. Киелі домбыра Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мұхит, Кенен, Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков, Ғарифолла Құрманғалиев, Жәнібек Кәрменов сынды өнер тарландарының әндеріне әр берді, жандарына демеу болды. Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында домбыраны насиҳаттаудың – ұлттық болмысымызды сақтап, ертеңгі ұрпаққа аманат етуде маңызы зор. Бұл ескерткішті қазақ даласынан домбыра үні үзілмесін деген тілекпен орнаттық. Ескерт кіш аумағы ұлттық мұрамызды дәріптейтін, өнердің құдіретін ұғынуға ықпал ететін қасиетті орынға айналады деп сенеміз», деді ол.

Құй пәні мектеп бағдарламасына енгізіле ме?

Ұлттық аспабымызды ұлықтаған шараға Астанадан арнайы келген танымал жас қүйші-сазгер Айбек Бекбосынов ескерткіштің ашылу салтанатында өзінің «Елбасы толғауы» атты авторлық қүйін күмбірледті. Өнерпазды сөзге тартқанымызда ескеруге тұрарлық жақсы ұсыныс айтты. «Бұл күн тек домбырашылардың, өнер адамдарының ғана қуанышы емес, барша қазақтың күні, мерекесі деп білемін. Алдағы уақытта бас қаламыз – Астанамызда құй мектебін ашсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Мектепке математика, қазақ тілі пәндері секілді құй пәні енгізілсе, тіпті тамаша болар еді. Ұлттық өнеріміз одан әрі асқақтай түсер еді», дейді қүйші.

Ғалым, зерттеуші Серікқазы Қорабай: «Өйткені Жарма – ақындар мен батырлардың елі. Атақты жырау, қолбасшы Ақтамберді бабамыз осында жатыр. Апатај жазығында қазақтың атақты биі, ділмар шешені, дипломат Ақтайлақ би өмір сүріп, өзінің үлкен ақындық мектебін қалыптастыруды. Сол ақындық мектептің басшысы Сыбаннан шыққан атақты 17 ақынды бастап айтыс өнерімен бүкіл қазақ даласына танылған Тұбек Байқошқарұлы еді. Бұл туралы кезінде Мұхтар Әуезов тамсана жазған болатын. 17 ақынның жалғасы ретінде Абайдың талантты шәкіртерінің бірі Әріп Тәңірбергенұлы өзінің өнерімен, таланттымен қазақ поэзиясында үлкен із қалдыруды. Кезінде атақты әнші Әміре Париж төрінде Абай ауданында өмір сүрген Ағашаяқ – Берікбол Көпенұлының әндерін әуелетіп, бүкіл әлемге танытқан еді. Алайда ол кісінің ұстазы, Жарма өнірінен шығып, өзінің әншілігімен, ақындығымен, цирктик өнерді бойына сінірген қабілетімен елге танылып, домбыраның құдіретін халқына паш еткен үлкен Ағашаяқ – Назаролла Жұндібайұлын бүгінде көп адам біле бермейді. Соғыс жылдары Нұргали Тұңғатаров, Рамазан Қазанғапұлы, кейін Сапарғали Әлімбетов, Қалихан Алтынбаевтар өнер туын биік ұстай білді. Сондықтан осындағы қастерлі мекенде қасиетті аспабымызға құрмет көрсетілуі құптарлық іс», дейді ғалым.

Бұл күні Қалбатау жұрты рухты көтеретін еңсөлі ескерткіштің ашылуына ғана күә болған жоқ, Семей, Көкпекті және Жарма аудандары құйшілерінің өнерін тамашалады. Семей қаласындағы Әміре Қашаубаев атындағы облыстық мемлекеттік филармониясының жаңындағы «Бибігүл» халық аспаптар оркестрі, Жарма ауданының «Кәусар» халық ұлт-аспаптар оркестрі мен Көкпекті ауданының «Толағай сазы» фольклорлық ансамблінің өнерпаздары орталық алаңға тігілген шатыр астында жиналған жүртқа естен кетпес ерекше кеш сыйлады.

Азамат ҚАСЫМ, «Егемен Қазақстан»
Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы